



Сыр бойы

№100-101 (21175-21176) 11 шілде, сенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

/// ПРЕЗИДЕНТ

АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІН НЫҒАЙТУДЫ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаровты қабылдады. Президентке биылғы бірінші жартыжылдықтағы агроөнеркәсіп кешенінің даму қорытындысы туралы есеп берілді. Сондай-ақ өгіндік алқаптарын артаптапандыру, шаруаларға жеңілдетілген несиелер беру тетігін арттыру, ауылшаруашылық техникалары лизингін дамыту жұмыстары жайында мәлімет ұсынылды.

Сонымен қатар Айдарбек Сапаров агроөнеркәсіп кешеніндегі өңделген өнім көлемін 70 пайызға дейін арттыруға бағытталған шаралар қолға алынғанын баяндады. 2026 жылдың алты айында тағам өнімдерін өндіру 14,7 пайызға ұлғайған. Ауыл шаруашылығының нақты көлем индексі 4,4 пайызға, соның ішінде егін 7,7 пайызға, мал шаруашылығы 4,4 пайызға өскен.

Экспорт көлемі мен шетелге шығарылатын өнім түрлері де көбейіп келеді. Биылғы қаңтар-сәуір айларында АӨК өнімдерінің экспорты 3 миллиард долларды құраса, бұл былтырғы сәйкес кезең көрсеткішімен (2,2 миллиард доллар) салыстырғанда 36 пайызға артық. Жыл соңына қарай экспорт көлемін 7,2 миллиард долларға дейін ұлғайту жоспарланған.

Министр Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау аясында қабылданған Мал шаруашылығын дамыту жөніндегі кешенді жоспардың жүзеге асырылуы туралы ақпарат берді. Барлық санаттағы шаруашылықтарды қамтитын жеңілдікпен қаржыландыру жүйесі қалыптасты. Қабылданған шаралар мал басын көбейтуді, саланың өнімділігін көтеруді және ет өнімдерінің экспортын

арттыруды көздейді. Жайылымдық мал шаруашылығын ілгерілетуге ерекше назар аударылып отыр.

Президент тапсырмасын орындау мақсатында 2030 жылға дейін ветеринарияны дамыту жөніндегі кешенді жоспар бекітілді. Оның аясында ветеринарлық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру, саланы қосымша қаржыландыру және нормативтік-құқықтық базаны жаңарту қарастырылған. Агроөнеркәсіп кешенін цифрлық тұрғыдан трансформациялау жалғасуда. «Е-АӨК» бірыңғай цифрлық платформасы базасында мемлекеттік ақпараттық жүйелер мен жана цифрлық сервистер біріктіріліп жатыр.

Болжамға сәйкес, жыл соңына дейін ауыл шаруашылығындағы жалпы өнім көлемі 5,9 пайызға артады. Тағам өнімдері өндірісін 9,5 пайызға, сусын өндірісін 10,5 пайызға ұлғайту көзделген. Саладағы негізгі капиталға 2,2 триллион теңге инвестиция салынбақ.

Кездесу соңында Президент ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру, қосылған құны жоғары өндірісті жандандыру, экспорттық әлеуетті кеңейту және еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

/// ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ: ПІКІР-ПАЙЫМ

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

1 шілдеден бастап жаңа Конституцияның күшіне енуі еліміздің құқықтық кеңістігінде жаңа кезеңнің басталғанын білдіреді. Ендігі міндет – оның талаптарын тиімді жүзеге асырып, заңды сақтау арқылы құқықтық мемлекет құруға әрбір азаматтың өз үлесін қосуы.



Жаңа Конституцияны қабылдау – уақыт талабынан туындаған маңызды шешім. Қазіргі саяси, әлеуметтік және экономикалық өзгерістер құқықтық жүйені жаңғыртуды қажет етеді. Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы, экологиялық қауіпсіздік, инновациялар, меншіктің жаңа түрлері, сондай-ақ жаһандық деңгейдегі жаңа сын-қатерлер мен тәуекелдер қоғамдық және экономикалық қатынастарды заманауи талаптарға сай құ-

қықтық тұрғыдан реттеуді талап етеді. Сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды күшейту – жаңа Конституцияның басты басымдықтарының бірі. Демократиялық қағидағарды нығайту, заң алдындағы теңдікті қамтамасыз ету, әлеуметтік қорғау тетіктерін жетілдіру, мемлекеттік билік тармақтары арасындағы өкілеттіктердің тепе-теңдігін сақтау және мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен есептілігін

арттыру бүгінгі күннің өзекті міндетіне айналды.

Осы тұрғыдан алғанда, жаңа Конституция азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сенімді қорғауға, мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыруға және қоғамдағы тұрақтылықты нығайтуға бағытталған берік құқықтық негіз қалыптастырады.

2-бет

/// ТАБИҒАТ-ТӘҢІР

ТАБЫЛҒАН МЕН ЖОҒАЛҒАН



Биыл мамыр айында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ресей Президенті Владимир Путинге Амур жолбарыстарын ел аумағына жерсіндіру жобасы таныстырылды. Сонда көрсетілген бейнероликте төрт Амур жолбарысын Іле-Балқаш мемлекеттік табиғи резерваты аумағына жібергені таспаланған. Әрі бұл жыртқыштарды бақылауда ұстауға арнайы жерсеріктік қарғыбау тағылған. Мамандардың сөзінше, бұл бастама Қазақстандағы жолбарыстар популяциясын қалпына келтіруге және әлемдік биоалуантүрлілікті сақтауға елеулі үлес қосады.

Амур жолбарысын елге әкелудегі бір себеп – оның Қазақ даласында бір кездері жортқан Тұран жолбарысына ұқсастығы. Ғалымдар генетикалық зерттеулер арқылы екі тұқымның ДНҚ жасушалары бірдей екенін айтады. Иә, қазір мүлде жойылған Тұран тұқымы біздің Сырдария жағасындағы қалың қамыс арасында мекендегенін көп зерттеуші жазып кетті. Ерекше төзімді Тұран жолбарысының соңғы тұқымы 1947-1948 жылдары Балқаш, Іле өзенінің бойында көзге түскен деген дерек бар. Ал Дүниежүзілік табиғатты қорғау одағы 1970 жылы дала шерісін толық жойылды деп ресми түрде жариялады.

3-бет

/// ЕРТЕҢ – БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ КҮНІ

БАЛЫҚШЫ



Ерболат Жанбаев – Қаратерең ауылының тұрғыны. Дарияның теңізге құярығында орналасқан бұл ауыл ежелден балық шаруашылығымен айналысады.

Ерболаттың әкесі Бақтыгерей де байырғы балықшы. Одан өзге, аңшылықты кәсіп қылады. Ал Ерболаттан бөлек, екі ұл да осы кәсіптің қырсырын әбден меңгерген.

– 2005 жылдан бері әкеме еріп, дария мен құяр сағаға, одан әрі теңіздің әр тұсына ау салып, адал еңбек еттік. Қаратереңдіктердің қол үзбес кәсібі – балық аулау. Адал несібені судан таптық. Бір өкініштісі, қазір адамдардан ынсап кетті. Бұрын әкелеріміз «лай балық» кезінде үйден аттап бастырмайтын. Жалпақ тілмен айтсақ, балықтың уылдырық шашар уағы ғой бұл. Сонда үлкендеріміз судың жылы жиегіне, дария ағысына келіп уылдырық шашатын балықтың қай түрі болмасын, көбеюіне мүмкіндік беретін. Қазір дәл осы уақытты күтіп, ау салып, шанышқы ұрып жүргендер көп. Екіншіден, теңізге қалыпты су түссе, балықшылардың несібесі де ортаймайды, – дейді ол.

Ал енді дерекке жүгінсек, облыста жыл басынан бері 2300 тонна балық ауланған. 1800 тоннадан астам өнім 12 мемлекетке экспортталған. Өңірдің су айдындарында балықтың 16 түрі ауланады. Сондай-ақ жылдық қуаты 24 мың тоннаға жуықтайтын 11 балық зауыты бар.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»



Суретті түсірген Нұрболан НҰРЖАУБАЙ

КЛАСТЕРЛІК ЖҮЙЕ САЛАҒА СЕРПІН ӘКЕЛЕДІ

Агроөнөркәсіптік кластер жобасы аясында Қаракеткен ауылдық округінен 22,5 мың гектар жер учаскесі бөлінген. Оның 5 мың гектарына жүгері, 2 мың гектарына мақсары егілген, 142 жаңбырлатып суару қондырғысы жұмыс істейді. Кәсіпорын пайдалануға берілгеннен кейін жылына 60 мың тоннаға дейін техникалық қарасора, 70 мың тонна жүгері және 20 мың тонна соя өңдеу жоспарланып отыр. Өндірілген өнім ішкі нарықтың суранысын қамтамасыз етумен қатар, шетелдерге де экспортталады.

Кеш облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев Жалағаш ауданына жұмыс сапары кезінде «Харвест Агро» компаниясы қолға алған жобаның қазіргі жай-күйімен танысты.

Қазіргі таңда 26,3 млрд теңге инвестиция тартылып, 100 тұрақты жұмыс орны құрылған. Егінге және өндірістік жұмыстарға 50 техника жұмылдырылып отыр.

Жер көлемін, су пайдалану лимитін ұлғайту, жаңбырлатып суару жүйесін енгізу, электр желісін тарту және жоба-сметалық құжаттарды әзірлеу қаракеті жүргізілуде.

Айта кетейік, биыл өңірде жалпы 185,8 мың гектарға егін егілді, оның ішінде дәнді дақылдар 89,7 мың гектар, майлы дақылдар 6,1 мың

гектар, малазықтық дақылдар 73,2 мың гектар, картоп, көкөніс және бақша дақылдары 16,8 мың гектарды құрайды.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өткен жылмен салыстырғанда күріш егіндігінің көлемі 10,9 мың гектарға қысқартылды. Биыл 70 мың гектарға күріш егіліп, суға бастырылды. Оның 31,3 мың гектары үстеп қоректендіріліп, 53,3 мың гектары арамшөптерге қарсы өңделді. Қазір 19,8 мың гектары түптеу, 46,2 мың гектары түтікке шығу, ал 4 мың гектары масақтану кезеңіне өткен.

«СБ» ақпарат

SEMINAR

СУ РЕСУРСЫН ҮНЕМДЕУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН БАСТАМА

Сәрсенбі күні Қызылорда қаласында халықаралық Аралды құтқару қорының екінші аймақтық семинары өтті. Онда Сырдария өзені бассейні бойынша жүргізіліп жатқан суармалы егіншілік пен су ресурстарын үнемдеуге бағытталған гидромодульді аудандастыру жобасы талқыланды. Семинарға Қазақстан мен Өзбекстанның мемлекеттік органдарының, ғылыми ұйымдары мен су шаруашылығы саласының өкілдері қатысты.

Жиында халықаралық Аралды құтқару қоры атқарушы комитеті төрағасының орынбасары Серік Бекмағанбетов Арал теңізі бассейніндегі жобаларды жүзеге асыру, қордың Сырдария өзені бассейні аумағын гидромодульді аудандастыруды нақтылаудағы мақсаты мен жұмысы туралы баяндады.

— Жоба Қазақстан және Өзбекстан республикалары аумағында іске асырылып келеді. Оны жүзеге асыруға осы мемлекеттердегі жетекші ғылыми ұйымдар тартылды. Бұл бастама екі ел арасындағы ынтымақтастықты нығайтуды, сондай-ақ су ресурстарын тиімді басқару жөніндегі ортақ мақсаттарға қол жеткізуді көздейді. Жоба Француз даму агенттігінің гранттық қолдауымен екі жыл бойы жүзеге асырылады. Оның нәтижелері ғылыми негізделген суды тұтынудың жаңартылған нормасын және негізгі ауыл шаруашылығы дақылдары үшін суару режимін қалыптастыруға ықпал етеді деп есептейміз. Сонымен қатар жердің тұздану және деградациялану қаупін азайтуға, Сырдария өзені бассейніндегі су ресурстарын ұзақмерзімді жоспарлауға негіз болатын заманауи аналитикалық база құруға мүмкіндік береді, — деді Серік Бекмағанбетов.

Ғылыми-зерттеу және талдау жұмысымен мамандандырылған жетекші аймақтық ұйымдар — Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты мен Су шаруашылығын үйлестіру жөніндегі мемлекетаралық комиссияның ғылыми-ақпараттық орталығы айналысып жатыр. Өз кезегінде Ы.Жакаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бас ғылыми қызметкері Серікбай Өмірзақов қор құрылмай бері Арал теңізі бассейніндегі елдерде ауқымды іс-шаралар атқарылғанын тілге тиек етті.

— Қазақстан тарапынан Кіші Арал теңізін сақтау жобасы жүзеге асырылып, көлдер жүйесі қалпына келді. Нәтижесінде балық шаруашылығы жанданып, халықтың әлеуметтік жағдайы біршама жақсарды. Бұрын көшіп кеткен ел теңіз жағасына қайта оралды. Бүгінгі күні САРАТС-2 жобасы аясында «Көкарал» бөгетін 44 метр биік етіп көтерудің техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленді. Жобаның жүзеге асуы Сырдария өзеніндегі су деңгейіне тікелей байланысты. Ал Өзбекстан жағы теңіздің кепкен табанына сексеуіл егу, үлкен аумақты сулы, батпақты аймаққа

айналдыру жұмысын атқарды. Бұл іс-шаралардың екі ел үшін де экологиялық маңызы зор, — деді ол.

Халықаралық Аралды құтқару қоры қолға алған игі бастама Түркістан мен Қызылорда, сондай-ақ Ферғана өңірінің Өңджан, Наманган және Ферғана облыстарын қоса алғанда Қазақстан мен Өзбекстандағы 1,7 миллион гектардан астам суармалы аумақты қамтиды. Соның шеңберінде жерді қашықтықтан зондтау деректерін және қазіргі заманғы спутниктік ақпарат көздерін кеңінен пайдалану арқылы климат, топырақ, жерасты суы және ауыл шаруашылығы жерінің жағдайы туралы деректер жинақталып, жаңартылады. Осы ақпарат негізінде негізгі дақылдардың өсу жағдайы талданады. Ауданның ерекше табиғи және ауылшаруашылық ерекшелігі ескеріліп, суға қажеттілік жаңартылған тәсілдер негізінде анықталады. Жоба жерді қашықтықтан зондтау деректері мен спутниктік картографиялау технологияларын пайдалана отырып, ауыл шаруашылығы дақылдарының су тұтыну нормасы мен суару режимін өңірлік жағдайға бейімдеуді көздейді.

Жоба аясында барлығы үш аймақтық семинар өткізу жоспарланған. Оның біріншісі жыл басында Шымкент қаласында өтті. Ал бұл жолы спикерлер аралық нәтижені таныстырды. Ұлттық ғарыштық зерттеулер мен технологиялар орталығының ғылыми қызметкері Әсет Егізбаева гидромодульді аудандастыру белгіленген шекараны анықтау, Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі Павел Калашников негізгі ауыл шаруашылығы дақылдарының суару режимі нормаларын түзету, гидрология, геонформатика және су ресурстарын тұрақты пайдалану бағытындағы маман Қырғызбай Құдайбергін Сырдария өзені бассейніндегі гидромодульді аудандастырудың интерактивті картасын әзірлеу қорытындысын жариялады.

Қатысушылар далалық зерттеу және талдау жұмысының жай-жапсарына қанықты. Мемлекеттік органдардың, ғылыми және су шаруашылығы ұйымдарының, фермерлер қауымының өкілдері өзара пікір алмасып, тәжірибе бөлісті. Қорытынды семинарды Ташкентте ұйымдастыру жоспарланып отыр.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ЕЛ ДАМУЫНЫҢ ЖАҢА КЕЗЕҢІ

Жаңа Конституцияның күшіне енуімен еліміз саяси жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басты деп айтуға болады. Конституциялық өзгерістерге сәйкес Парламент таратылғаннан кейін мемлекеттік билік жүйесін жаңа құқықтық талаптарға сай қалыптастыру жұмыстары басталады. Алдағы маңызды міндеттердің бірі — жаңа сайлау өткізіп, Конституцияда көзделген өкілді органдардың жаңа құрамын жасақтау.

Жаңа саяси кезеңнің табысты болуы Конституцияда белгіленген қағидаттарды іс жүзінде жүзеге асыруға байланысты. Сондықтан заманалық реформаларды уақытылы жүргізу, мемлекеттік институттардың үйлесімді жұмысын қамтамасыз ету және азаматтардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуы алдағы уақыттағы басты міндеттердің бірі болмақ.

Конституцияның басты ерекшелігі — онда мемлекет пен қоғамның дамуына негіз болатын заманауи қағидаттар мен құндылықтардың айқын көрініс табуы. Негізгі заңда мемлекеттік биліктің қайнар көзі әрі ел егемендігінің иесі — Қазақстан халқы екені нақты бекітілген. Бұл елдің болашағы мен тағдырына қатысты маңызды шешімдер халықтың еркіне сүйеніп қабылданатынын білдіреді. Адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылығы ретінде айқындалған.

Оның нақты дәлелі — Жаңа Конституцияның Преамбуласында елдің тарихи тамыры мен болашақ даму бағытын айқындайтын негізгі құндылықтар мен стратегиялық бағдарлардың айқын көрініс табуы. Онда «бір тұтас Қазақстан халқы» ұғымы алғаш рет конституциялық деңгейде бекітіліп, байырғы қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің сабақтастығы мен Ұлы Даланың мыңжылдық тарихи мұрасы ерекше атап көрсетілген. Қазақстанның ұнитарлық мемлекет ретіндегі сипаты, мемлекеттік шекарасының мызғымастығы және аумақтық тұтастығы конституциялық құндылық ретінде нақтыланған.

Преамбулада «Әділетті Қазақстан» идеясын жүзеге асыру мен «Заң мен тәртіп» қағидатын орнықтыруға ерекше мән берілген. Бұл еліміздің адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауды басты басымдықтардың бірі ретінде қарастырып, құқық үстемдігіне негізделген демократиялық мемлекет құруға деген ұмтылысын көрсетеді. Сонымен бірге бұл қағидалар Қазақстанның байырғы қазақ жеріндегі мемлекеттіліктің заңды жалғасы әрі тарихи мұрагері екенін құқықтық тұрғыдан бекітеді.

Қазақстан — сан түрлі этнос өкілдері тату-тәтті өмір сүріп жатқан көпұлтты мемлекет. Осыған байланысты Преамбулада қоғамдық келісім, ұлттық бірлік, этносаралық және конфессияаралық татулық мемлекеттің негізгі құндылықтарының бірі ретінде айқындалған. Сонымен қатар мәдениет пен білімді, ғылым мен инновацияны дамытуға басымдық беріліп, қоршаған ортаны қорғау мен табиғатқа жанашырлық таныту, сондай-ақ барлық мемлекеттермен бейбітшілік, достық және өзара ынтымақтастықты нығайту қағидаттары алғаш рет конституциялық деңгейде көрініс тапқан.

Осылайша, Преамбула Конституцияның кіріспесі ғана емес, оның барлық нормаларының мәні мен мазмұнын айқындайтын, елдің даму бағытын белгілейтін негізгі құқықтық әрі идеологиялық бағдар болып табылады.

Ұлттық құндылықтармен қатар қазіргі заман талаптарына сай басым бағыттар да көрініс тапқан. Атап айтқанда, білім мен ғылымды, мәдениет пен инновацияны дамыту, қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану, сондай-ақ барлық мемлекеттермен бейбітшілік пен өзара ынтымақтастықты нығайту конституциялық деңгейде айқындалған. Бұл қағидаттар қоғамның бірлігі мен елдің тұрақты дамуына негіз болатын ортақ құндылықтарды қалыптастырады.

Жаңа Конституция 11 бөлімнен және 96 баптан тұрады. Құжаттың құрылымы жүйеленіп, бөлімдерді атауы олардың мазмұнына толық сәйкес келтірілген. Мәселен, бұрынғы «Жалпы ережелер» бөлімі «Конституциялық құрылыстың негіздері» деп қайта аталып, онда мемлекеттің негізгі конституциялық қағидаттары айқындалған.

Аталған бөлімде егемендік пен тәуелсіздікті сақтау, заң үстемдігін қамтамасыз ету, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау, жалпыұлттық бірлікті нығайту және халықтың әл-ауқатын арттыру мемлекеттің негізгі міндеттері ретінде белгіленген. Сондай-ақ ешкімнің мемлекеттік билікті иемденуге құқығы жоқ екені және мұндай әрекеттер заңмен қудаланатыны нақты көрсетілген. Халық пен мемлекет атынан сөйлеу құқығы Қазақстан Республикасы Президентіне, сондай-ақ Конституцияда белгіленген өкілеттіктер шегінде

1-бет

Қазақстан Республикасының Құрылтайына тиесілі екені бекітілген.

Конституцияның екінші бөлімі — «Негізгі құқықтар, бостандықтар және міндеттер» — адам мен азаматтың құқықтық мәртебесін жан-жақты айқындайтын маңызды бөлімдердің бірі. Мұнда әрбір азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау мемлекеттік саясаттың басты басымдығы ретінде белгіленген. Сонымен қатар азаматтардың құқықтарын жүзеге асыру кезінде өзге адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу, қоғамдық тәртіпті сақтау, конституциялық құрылысқа, халықтың денсаулығы мен адамгершілік құндылықтарына зиян келтірмеу қағидаты нақты бекітілген. Бұл талаптар цифрлық технологиялар қарқынды дамып отырған қазіргі кезеңде ерекше өзектілікке ие.

Жаңа Конституцияда жеке өмірге қол сұғылмаушылыққа, жеке және отбасылық құпияның сақталуына, сондай-ақ азаматтардың дербес деректерін қорғауға конституциялық кепілдік беріледі. Бұл нормалар адамның қадір-қасиеті мен жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Негізгі заңда меншік құқығын қорғау мәселесіне де айрықша көңіл бөлінген. Жеке меншік пен мұрагерлік құқығы заңмен қорғалатыны, ешкімнің сот шешімінсіз өз мүлкінен айырылмайтыны нақты көрсетілген. Сонымен бірге меншік иелерінің қоғам алдындағы жауапкершілігі де күшейтілген. Меншікті пайдалану қоғамдық мүддеге қайшы келмеуге, қоршаған ортаға зиян тигізбеуге және өзге азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзбауға тиіс екені белгіленген. Бұл қағидат табиғатты қорғау мен экологиялық жауапкершілікті арттыруға бағытталған.

Құжатта әрбір азаматтың еңбек етуге, қызмет түрі мен мамандығын еркін таңдауға құқығы конституциялық деңгейде бекітілген. Осыған сәйкес мемлекет жұмыспен қамтуға жәрдемдесуге, қауіпсіз әрі қолайлы еңбек жағдайларын жасауға, еңбеканың дұрыс төлеуге және әлеуметтік кепілдіктерді қамтамасыз етуге міндетті.

Адам капиталын дамыту, білім мен ғылымды қолдау, инновациялық экономиканы қалыптастыру — мемлекеттің стратегиялық басымдықтарының бірі. Бұл нормалар елдің ұзақ мерзімді дамуына негіз болатын интеллектуалдық әлеуетті нығайтуға бағытталған.

Конституцияда отбасы институтын қорғауға да ерекше мән берілген. Неке ерікті түрде қиылтып, мемлекеттік тәркеуден өткен ер мен әйелдің тең құқықты одағы ретінде бекітіліп, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды сақтау мен нығайтудың құқықтық негізі қаланған.

Жаңа Конституция мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған бірқатар инновациялық жаңашылықтарды да қамтиды. Атап айтқанда, бір палаталы Парламент — Құрылтай институтын қалыптастыру, вице-президент лауазымын енгізу, сондай-ақ болашақта Қазақстан Республикасы халқының мүддесін білдіретін жоғары консультативтік орган — Қазақстан Халық Кеңесін құру көзделген. Бұл өзгерістер мемлекеттік басқаруды тиімділігін арттырып, қоғам мен билік арасындағы өзара байланысты одан әрі нығайтуға бағытталған.

Жаңа Конституцияның күшіне енуі — құқықтық реформалардың бастауы. Алдағы кезеңде Негізгі заңның талаптарына сәйкес конституциялық заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілер жаңартылып, мемлекеттік басқару жүйесі жаңа қағидаттарға бейімделеді. Сонымен қатар жаңа институттардың толыққанды жұмыс істеуі үшін қажетті құқықтық және ұйымдастырушылық тетіктер кезең-кезеңімен енгізіледі.

Конституциялық өзгерістердің нақты нәтижесі оларды тиімді іске асыруға байланысты. Сондықтан мемлекеттік органдардың үйлесімді жұмысы, азаматтық қоғамның белсенділігі және әрбір азаматтың құқықтық мәдениеті ерекше маңызға ие. Заң үстемдігі мен қоғамдық жауапкершілік қағидаттары берік орныққанда ғана Конституцияда көзделген максаттар толық жүзеге асады.

Түптеп келгенде, жаңа Конституция — бүгінгі күннің ғана емес, келер ұрпақтың да мүддесіне қызмет ететін стратегиялық құжат. Оның қағидаттарын дәйекті жүзеге асыру Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде нығаюына, азаматтардың әл-ауқатының артуына және елдің халықаралық бөлілігін одан әрі өсуіне берік негіз қалайды.

Жадыра ШУКЕНОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің «Экономика және құқық» институты «Құқықтану» білім беру бағытының аға оқытушысы, заңтану магистрі

| «ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БАСҚАРМАСЫ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ БАСШЫЛЫҒЫНЫҢ ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАНДЫ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ӨКІЛДЕРІН ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ | | | | | |
|--|-------------------------------|--------------------------------|--------------------------|---|-------------------|
| № | А.Т.Ә | Лауазымы | Қабылдау күні мен уақыты | Мемлекеттік органның орналасқан жері | Байланыс телефоны |
| 1 | Каюпов Руслан Мұхамедәліұлы | Басқарма басшысы | Сәрсенбі 16.00-18.00 | Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1 | 60-53-19 |
| 2 | Қамбаров Артур Раушанбекулы | Басқарма басшысының орынбасары | Жума 16.00-18.00 | | 60-53-27 |
| 3 | Тлеумбетов Даурен Онгарбаевич | Басқарма басшысының орынбасары | Бейсенбі 16.00-18.00 | | 60-53-17 |

САЙЛАУ – 2026

АЗАМАТТАРДЫ САЙЛАУШЫЛАР ТІЗІМДЕРІНЕ ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді. Сайлаушылардың тізімдерін тұрғылықты жері бойынша тиісті жергілікті атқарушы орган жасайды.

Сайлаушылар тізімдеріне дауыс беру күніне он сегіз жасқа толған, белсенді сайлау құқығына ие және тұрғылықты жері бойынша тиісті сайлау учаскелерінің аумағында тіркелген Қазақстан Республикасының азаматтары енгізіледі.

Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген олардың өтініші негізінде дауыс беру күніне дейін отыз күннен кешіктірмей немесе 2026 жылғы 23 шілдеге дейін енгізіледі.

Әкімдік азаматты дауыс беретін сайлау учаскесінің сайлаушылар тізіміне енгізуді және

оны тіркелген жері бойынша сайлаушылар тізімінен шығаруды ұйымдастырады.

Азамат тек бір ғана сайлаушылар тізіміне енгізіле алады.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап сайлаушыларға тиісті әкімдіктің интернет-ресурсы немесе байланыс орталығы арқылы нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізімінде өзі туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі.

Сайлаушыларға қолайлы болуы үшін электрондық сервистер арқылы сайлау учаскесі туралы хабарландыру ұйымдастырылады.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы

ДАУЫС БЕРУ ҚҰҚЫҒЫН БЕРЕТІН ЕСЕПТЕН ШЫҒАРУ КУӘЛІГІ

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау өтеді.

Қазақстан азаматтары тиісті сайлау учаскелерінің аумағындағы тұрғылықты жері бойынша дауыс береді.

Сайлаушы өзінің болатын жерін ауыстырған кезде дауыс беру күніне он бес күн қалғанда немесе 2026 жылғы 7 тамыздан бастап учаскелік сайлау комиссиясына өз өтінішін бойынша және жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігін ала алады.

Есептен шығару куәліктерін беру дауыс беру күнінен бір күн бұрын, яғни 2026 жылғы 22 тамызда жергілікті уақыт бойынша сағат он сегізге тоқтатылады.

Есептен шығару куәлігін сенімхат бойынша алуға рұқсат етіледі. Сенімхатты нотариатта

куәландыру талап етілмейді.

Есептен шығару куәлігі жоғалған жағдайда ол қалпына келтірілмейді және оның телнұсқасы берілмейді.

Дауыс беру құқығын беретін есептен шығару куәлігі бір елді мекеннің шегіндегі басқа сайлау учаскесінде дауыс беруге қатысқысы келетін сайлаушыларға берілмейді.

Уақытша болатын жері бойынша сайлау учаскесінде дауыс беру кезінде учаскелік сайлау комиссиясы сайлау күні сайлаушыны жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде сайлаушылар тізіміне енгізіп, есептен шығару куәлігінің орнына дауыс беруге арналған биолетень береді.

Жаңару үшін дауыс бер!

Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы



Өңірде қылмыс азайды



Аймақта заңдылықтың сақталуын қадағалау, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қылмыстың алдын алу бағытында жүйелі іс-шаралар атқарылуда. Өңірлік коммуникациялар қызметі ұйымдастырған брифингте облыс прокуроры Ризабек Ожаров өңірде қоғамдық-саяси ахуал тұрақты, бұл – құқық қорғау және жергілікті атқарушы органдардың өзара үйлесімді жұмысының нәтижесі екенін айтты.

– Қылмыстың алдын алу – прокуратура қызметінің негізгі басымдықтарының бірі. Осы мақсатта қылмыс жасауға бейім және бұрын сотталған азаматтармен профилактикалық жұмыс күшейді. Мобильді топтар есепте тұрған 1500-ден астам азаматтың тұрғылықты жері мен жұмыс орындарын тексеріп, олардың қайта қылмыс жасауына жол бермеу бағытында нақты шаралар қабылдады. Нәтижесінде аса ауыр қылмыс 5 пайызға, қорқытып алу 80 пайызға, ұрлық 34 пайызға, мал ұрлығы 36 пайызға және бұзақылық 48 пайызға төмендеді. Алаяқтық қылмыстарды анықтау және ішкерелеу көрсеткіші бойынша Қызылорда облысы республикадағы алғашқы бестіктің қатарында. Қызметіміздің тағы бір маңызды бағыты – азаматтардың конституциялық құқығы мен бостандығын қорғау. Осы арада прокурорлар қылмыстық құдалау органдарының құқыққа тікелей әсер ететін 38 шешімімен келісуден бас тартты. Заңсыз ұсталған 14 адам прокурор қаулысымен уақытша ұстау изоляторынан босатылды, – деді ол.

Цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект қадағалаушы орган қызметінде де белсенді түрде пайдаланылып келеді. Оның дәлелі – облыста жүзеге асырылып жатқан «IT TERGEU», «Смарт браслет», «Кибер-волонтер» және «Қылмыссыз өңір» жобалары. Мысалы, «TERGEU PRO» бағдарламасы қылмыстық процесі цифрландыруға бағытталған. Спикер жоба тергеудің ашықтығы мен тиімділігін жаңа деңгейге көтеретініне сенімді.

– «Смарт-Білезік» жобасы аясында барлығы 255 дана білезік сатып алынған. Оның 181-і ағымдағы жылы жергілікті бюджеттен қосымша 34,5 млн теңге бөлу арқылы сатып алынып, іске қосылды. 11 млн теңгеге қосымша 50 дана білезік сатып алу жоспарланып отыр. Профилактикалық шаралардың жинақтығымен қайта жасалған қылмыс деңгейі 30%-ға төмендеді. Түзеу мекемелерінде 1228 сотталғанның 1183-і жұмысқа жарамды. Қауіпсіздігі барынша төмен мекемелерге изоляторлардан сотталғандар 100% жұмыспен қамтылған. Қауіпсіздігі аралас мекемеде – 69,1%. Орта есеппен өңірмізде сотталғандардың 75,5%-ы жұмыспен қамтылған, яғни республикалық көрсеткіштен жоғары, – дейді Ризабек Ожаров.

Прокурорлар жыл басынан бері 266 мың адамның, 11 мыңның конституциялық құқығын қалпына келтірді. 5700-ден астам кәсіпкердің, 56 мыңнан астам кәсіпкерге төлмеганның құқығын қорғады.

– Жасөспірімдердің құқықтық сауаттылығын арттыруға бағытталған «Adal Bala» цифрлық білім беру порталын іске қостық. Оқу жылында жүйені 300 мектептің 180 мыңнан астам оқушысы белсенді қолданды. Жоба оң нәтиже беріп, жасөспірімдер арасындағы қылмыс 8%-ға, яғни 36-дан 33-ке, ал сундид 5-тен 3-ке төмендеді, – деді облыс прокуроры.

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы аясындағы тапсырмасының орындалуы назардан тыс қалған емес. Бірлескен жұмыс нәтижесінде қоғамдық орындарды ластаған 1300-ге жуық тұрғын өкімшілік жауаптылыққа тартылып, 157 заңсыз коқыс орны анықталып, талапқа сәйкестендірілді.

Ведомство басшысы есепті мерзімде 250-ден астам облыс тұрғынын қабылдады. Мұндай қабылдау әр сейсенбі күні сағат 10-нан бастап өтетінін еске салды.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ЖОЛБАРЫС ЖОЙЫЛҒАНЫМЕН...

Расын айту керек, кейінгі 10 жылда елдегі табиғат пен ондағы тіршілік иелерін қорғау ісі дұрыс бағытқа ойысты. 2000-жылдарғы жаппай браконьерлік дейтін қатыгездікке тұсау салынғандай. Барлық мемлекеттік қорық пен өзге ерекше қорғалатын аумақтағы тәртіп күшейген. Нәтижесі жаман емес. Бір кездері саны жағынан 20 мың ғана болған бөкен көбейді. Қазір Қазақстанда 4,7 млн бас киік өріп жүр. Бұл – Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау қауымдас-тығының (ҚБСК) мәліметі. Одан өзге де сирек кездесетін аң-құстың саны артып отыр.

ТАБЫЛҒАН МЕН ЖОҒАЛҒАН

Дегенмен әлі де жойылып бара жатқан тіршілік иелері жоқ емес. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті берген мәліметке сүйенсек, елімізде 835 омыртқалы жануар түрі мен тұқымдасы (178 сүтқоректі, 489 құс, 104 балық, 12 қосмекенді, 49 бауырымен жорғалаушы және т.б.) бар. Осының ішінде 132 түрі сирек және жойылып кету қаупінде. Көбісі бағалы терілі мен тұяқты жануарлар. Сондай-ақ кейбірінің саны керісінше артқан.

– Былтырғы жылдың есебі бойынша сирек кездесетін бұғылы жануарлардың саны артып келеді. Мысалы, тағай бұғысы, құлан, арқар және қарақұйрық санында өсім бар. Сонымен қатар, өткен жылы 16,5 мыңға жуық жекдуадақ мемлекеттік қорықтардың қорғауымен көбейіп отыр. Бұдан бөлек, Түркістан облысындағы осы құсты көбейту орталығы арқылы табиғатқа 17 мыңнан астамы жіберілген. Оның көбісі Маңғыстау, Қызылорда, Жетісу және Түркістан аумағына таратылды. Жалпы 2009 жылдан бері табиғатқа 90 мың жекдуадақ жіберілген, – дейді комитеттің баспасөз хатшысы Диана Тағай.

Бір қызық дерек, кейінгі жылдары ел аумағында бұрын тіркелмеген құстардың 20-дан астам жаңа түрі табылған.

– Қазақстанда қазір 520-дан астам құс түрі бар. Жыл сайын ел аумағына жаңа түрлері ұшып келіп жатыр. Оларды көбіне өз бетінше бақылау жүргізіп, фотосурет арқылы дәлелдейтін әуесқойлар анықтайды. Меніңше, олардың да ғылымға қосатын үлесі көп. Өйткені, бізде кәсіби орнитологтар аз, сондықтан әуесқой азаматтардың биоалуан-түрлілік туралы білімді кеңейтуге көп көмегі тиоиде. Осы арқылы құстардың таралуы туралы жаңа ғылыми мәлімет тудырып отыр, – дейді орнитолог, Қазақстан биоалуантүрлілікті сақтау қауымдас-тығының ғылым жөніндегі директоры Сергей Скларенко.

Оның айтуынша, Қазақстанда бүгінде шамамен 60-қа жуық құс түрі әртүрлі деңгейде қауіп-қатерге ұшыраған.

– Құстардың тіршілігіне басты қауіп – олардың мекен ету ортасының жойылуы. Елдегі инфрақұрылымның дамуы, пайдалы қазбаларды өндіру, сулы-батпақты алқаптардың құрғауымен байланысты. Сонымен қатар, қоршаған ортаның ластануы да әсер етеді. Өлемдік деректерде барлық құстың шамамен жартысы азайған, – дейді орнитолог.

СЫРДАҒЫ СИРЕК АҢ-ҚҰС НЕМЕСЕ ШУЛАҒАН ШИБӨРІ

Сыр аумағында да мүлдем көріне бермейтін, қоршаған ортада азайған аң-құс жетерлік. Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы ұсынған дерекке көз жүгіртсек, облыс аумағында «Қызыл кітапқа» енген 20-дан астам түрлі тіршілік иесі бар. Атауы да көп адамға таныс емес. Түрлерін санамаппа айтсақ, қызғылт бірқазан, кішкене аққұтан, құтұмыс қаз, алақоз қарала үйрек сынды құстар өте аз қалған. Ал балықшы тұйғынның ұялары соңғы рет 1985 жылы Сырдария жағасында табылыпты. Бақалтақ қыран, бүркіт, ителгі, бидайық, тарғақ, ақбауыр бұлдырық, қоныр кептер, үкі сияқты құстар Қызылқұм, Бетпақдала, Арал маңында сирек болса да көзге түседі.

Шұбар күзен, шағыл мысығы, түркімен құланы, қарақұйрық, үнді жайрасы мен ергежейлі қосаяқ сияқты жануарлар өңір инспекторлары мен «Барсақалмек» мемлекеттік табиғи қорығының қатаң қорғауының арқасында әзір жойылмай тұр. Ресми деректе аталған қорықта 1000-ға жуық құлан, 360-тан астам қарақұйрық, 10 шағыл мысығы тіркелгені айтылады.

Айтпақшы, аймақта шибөрі көп. Тіршілік сапармен жүргенде жергілікті жұрттан еститініміз – осы «ит-құстың» көбейіп кетуі. Әсіресе, түнімен «шырқата» ән салатынын жиі айтады. Тіпті ауыл сыртына жақын келіп, күндіз жайылымдағы уақ малды тартып кетуге шыққан. Пошымы қасқырға ұқсағанымен, одан тұрқы кішірек жыртқыштың бар қорегі – тышқан, кесіртке, қоянның көжегі, жылан, бақа сияқты ұсақ жаратылыстар. Тіпті, қауын-қарбызды да жарып жеуге құмар. Одан қалса, өлекесі азық етеді. Жылына 8 күшікке дейін табатын бұлар өзен бойында, қамысты жерде, елді мекенге жақын тіршілікке бейім. Былайынша айтсақ, «дала санитары».

Бір белгілісі, шибөрі мал, құс шаруашылығына зиян келтіргенде ауланбаса, былайғыда әдейілеп қастандық жасап отырған ешкім жоқ. Жылдан жылға санының артуына себеп осы. Ал көбейген жыртқышты шектеуде жұмыс нәтижесі жоқ емес.

– Облыста жабайы аңдардың ауыл шаруашылығы жануарларына құтырма ауруын жұқтыру фактілеріне байланысты жыртқыш аңдардың санын реттеу жұмыстарын жүргізіп, аурудың алдын алу мақсатында жұмысшы топ құрылды. Биыл 13 қантардан бастап рейд жүріп,

1-бет

72 адам мен 34 техниканың қатысуымен шибөріні аулау жұмыстары жүргізіліп, нәтижесінде жалпы саны 482 шибөрінің көзі жойылды, – дейді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының бас маманы Күндібай Қыстаубаев.

БАЛЫҚ ТҮРІ КӨП, БІРАҚ...

Кезекті балыққа берсек. Қазір республикада балық қорын көбейту, оның ішінде жоғалу қаупіндегі түрлерін сақтауда жүйелі іс бар ма? Деректерге сүйенсек, мұндай жұмыс жоқ емес. Бірақ еліміздің «Қызыл кітабына» енген Каспий тілтісі, Сібір бекіресі, пілмай, Сырдария тасбе-

– Тәуекелге бел буып, өсімдікқоректі балықтардың тәжірибесіндегі зауыттық өсіп келе жатқан қазық балық емес. Нәтиже жаман емес. Қазір питомник тоғандарында қазық шабақтары өсіп жатыр. Ендігі бір балық – Арал пілмайы. Келешек осы балық түрін де зерттегіміз келеді. Бірақ мемлекеттік тапсырыспен қазық балығын жергілікті су қорларында көбейтуге бар күшті саламыз, – дейді ол.

Жалпы кәсібі төрт түлік пен егіннен басқа, өзен-көл жағалап, теңіз сүзетін өңір халқының бір кәсібі балық шаруашылығымен де тығыз байланысты. Арал мен Сырдарияға ау құрып, көлде қайық есіп, нәпақа айыратындар жетерлік.

– Облыста халықаралық маңыздағы көлемі 328 мың гектар болатын Кіші Арал теңізі, Сырдария өзені және жергілікті маңызы бар көлемі 44567,5 гектарды құрайтын 201 су айдыны бар. Сырдария өзені мен Арал теңізі акваториясында балықтың 22 түрі мекендейді. Өңірде қазық балығы «Қызыл кітапқа» енгізілген. Қазық – тұқы тұқымдасының бір туысы. Мекен ету ортасы негізінен Сырдария мен одан бөлектеніп жатқан Шіркейлі су арнасында көптеп кездеседі. Қазыды аулау, жою қылмыстық жауапкершілікке алып келеді. Бір қазыға айыппұл 3 082 500 теңгені құрайды, – дейді Арал-Сырдария облыс-аралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясының бас маманы Бақтияр Балжанов.

ӨСІМДІК ӨМІРІ ҰЗАРДЫ МА?

Мақалада айтып келеміз, бірақ толық түсінік бермейміз. Қазақстанның «Қызыл кітабы» дегеніміз не? Бұл – Қазақстанда сирек кездесетін және жоғалып кету қаупі төнген жануарлардың, өсімдіктер мен саңырауқұлақтардың аннотацияланған тізімі. Құжат Үкімет шешімімен 1978 жылдың қаңтарында жасалды. Содан кейін оның сирек кездесетін жануарларға қатысты алғашқы бөлімі жарияланды. Кітаптың әр жылдары қайта жаңартылып отыратынын ескерген жөн. Қысқаша осы.

Сол «Қызыл кітаптың» бірінші басылымына сирек кездесетін немесе жоғалу қаупі бар өсімдіктің 307 түрі енген. Жалпы мұндағы өсімдіктер әртүрлі табиғи аймақта таралған. Мысалы, «Ақсу-Жабағылы» мемлекеттік табиғи қорығында Батыс Тянь-Шань флорасына тән сирек қызғалдақтар, арша және дәрілік өсімдіктер кездеседі. Алтын-Емел ұлттық паркінде шөл және шөлейтке бейімделген өсімдіктер, соның ішінде тораңғы және сирек қызғалдақ түрлері бар. Қатонқарағай ұлттық паркінде Алтай таулы аймағына тән реликт және дәрілік өсімдіктер таралған.

«Қорықтар мен ұлттық парктер бойынша нақты қандай өсімдіктер қорғалатыны жөнінде толық ғылыми мәлімет дайындау үшін гербарий материалдары мен ғылыми деректерге қосымша талдау жүргізу қажет. Бұл белгілі бір уақытты талап етеді» деп көрсетеді өз жауабында Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті.

Бір қуаныштысы, кейінгі жылдары ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда кейбір сирек өсімдіктердің табиғи популяциясы тұрақтанып, таралу аймағы сақталып келеді. Әсіресе жабайы қызғалдақтардың табиғи өсетін аймағында қорғау нәтижесі көрінген. Ақсу-Жабағылы, Іле Алатауы және Алтын-Емел аумағында қызғалдақтың кейбір түрлерінің табиғи популяциялары жақсы сақталған. Сонымен қатар, арша ормандары мен тораңғы тоғайларын қалпына келтіру бағытында экологиялық жобалар жемісін беруде.

Оқыманға қосымша мәлімет болсын. Біздің елде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар республикалық және жергілікті маңызы бар болып бөлінеді. Республикалық маңыздағы ЕҚТА-ға 10 мемлекеттік табиғи қорық, 14 ұлттық табиғи парк, 8 табиғи резерват, 6 ботаникалық бақ, 5 қорық аймағы, 50 табиғи қорықша, 25 табиғат ескерткіші және 1 дендрологиялық парк кіреді. Ал жергілікті маңызы бар ЕҚТА қатарына 4 мемлекеттік өңірлік табиғи парк, 1 дендрологиялық парк, 22 табиғи қорықша, 22 табиғи ескерткіші жатады.

«2026 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша ЕҚТА-ның жалпы аумағы 31,1 млн гектарды құрайды, бұл ел аумағының 11,4%-на тең. Оның ішінде заңды тұлға мәртебесі бар ЕҚТА аумағы 8,21 млн гектар немесе республика аумағының 3%-ын алады. 2018 жылдан бастап қазірге дейін ЕҚТА аумағы 2 980 485,47 гектарға ұлғайды» деп көрсеткен өз жауабында комитет.

Сондай-ақ редакция тарапынан Сыр бойындағы жоғалу қаупі бар өсімдіктер тізбесін сұрақтанбыз. Жауапты Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясынан алдық. Өңір территориясындағы 20-дан астам өсімдік-бұта жойылып кету қаупінде тұр. Кейбірі тіпті кездеспейді. Мысалы, қалқанша-жапыраптық, батпақгүл, тораңғыл терек, Қаратау кегегі, Сырдария сылдыршөбі, қоныр жүзген, Сиверс алмасы, кәдімгі өрік, Грейг қызғалдағы, қаршыл шүйіншіөп және т.б. Түрлер Қызылорда өңірінде сирек кездеседі екен.

Тау-қираты мен жазғы, шөлі мен шабындығы да бар елдің осындай табиғи қазынасын аз-маз тақырыпқа арқау еткендейміз. Жолбарыстан басталған жазбаның мақсаты – оқырманды ойланту. Ел байлығы саналған мұндай көп байлықты жойылмауы жалғыз қорықшыға қажет емес еді. Ой-санасы түгел бізге де аң-құстың амандығы керек. Сондықтан қолына мылтық ұстап, аң атқан, ау салып, балық сүзген кей жұрттың шектен шыққан ісіне көзжұмушылық – әрбір қоғам мүшесінің қатесі дер едік. Тәңір берген табиғат байлығы түгесілмесінші.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»



Коллаж Қуаныш Оразбаев

Адамзат дамуын, адам баласының сан ғасырлық тарихын көркемөнерсіз, оның ішінде өлең өнерінің көзге елестету қиын. Ал бұл жайт қазақ топырағына келгенде тіпті тұтасып, қазақ – өлең, өлең – қазақ болып кететіні де анық. Осы тұтастықты қазақ өлінің даму ағысында қарап, уақыт шіркіннің бір сәт те кідірместен, тоқтаусыз алға ұмтылатыны, адамзаттың сол ұлы ағын көшке ілесе беретіні әманда бұлжымас диалектикалық заңдылық десек, қазақ елі де, қазақ өлеңі де асқақтай түседі. Осынау күрделі үдерістегі адам болмысын саралайтын, оның сол көштегі қым-қуыт қарекет-тірлігін таразылап пайымдайтын көркем әдебиет пен өнердің адам-мезгіл симбиозындағы бағдар ашар шамшырақ (маяк) рөлі ересен десек – артық айтқандық бола қоймас. Иә, өмір заңына айналған аксиомалық шындықтың бірі – осы. Бастауын әлмисактан, ықылым көне замандар тереңінен алатын осы бір сөз өнерінің аса маңызды рөлін түсінбеу, шындықты өз мәнінде ұғынбау, пендешілік тоқмейіл тоятта оны елемей немесе мансұқ ету – кез келген ұлт, не қоғам өмірін оңдырмас қасірет пен қатерге апарып ұрындыратынын баба тарих сан мәрте дәлелдеумен келе жатыр. Міне, сондықтан көркем әдебиет, оның ішінде өлең өнері туралы ой бөлісу, пікір алмасу қажеттігі күн тәртібіне қойылады.

Өлең өнеріндегі көркемдік көкжиегі

АҚЫН ҚАСЫМХАН БЕГМАНОВТЫҢ «ҚҰЛАНИЕК, ҚҰБА ТАҢ» АТТЫ ТАҢДАМАЛЫ ЖЫР ЖИНАҒЫ ТУРАЛЫ ОЙ

Көптеген халықта кездесе бермейтін біздегі ауыз әдебиеті үлгілерінің ұлттық мақтаншымыз болып отырғаны да ақиқат, мәдениетіміз бен әдебиетіміздің қайнар бастауы да сол мол мұра екендігі анық. Сонау ерте замандардан бастау алып, жыраулық поэзиямен арнасын кеңейте Абай заманына жеткен қазақ өлеңі біздің дәуірімізге кемелдене, толыға, көркемдіктің небір нақышын төге жетті. Қазақ өлеңі сан ғасырды баса, сан биіктен өтсе де әу бастағы ұлттық белгі, өрнек ерекшеліктерін жоғалтпай, керісінше өзіндік ажары мен бояуын, болмысы мен бітімін аша түсті.

Платон ақындық жайында: «Ақындық Құдайдан келген дарын. Ақындар Құдай еркін бізге жеткізушілер. Құдай осыны білдіру үшін ақын аузына өте әдемі әндер салады, сөздер айтқызады» деген болатын. Біздің бұлайша әңгіме ауқымын кеңірек етіп отырған себебіміз – сол қазақ өнерінің қазіргі жалғасында өзіндік өрнекке ие, көркем ойдың поэзиядағы кемелденуіне мысал бола аларлық құндылықтарды өмірге әкелген ақынның бір жинағына қатысты ой, пікір білдіру мақсатынан туған еді.

Қазақтың көрнекті ақыны Қасымхан Бегмановтың қолымызға тиген «Құланиек, құба таң» атты жинағына өлеңдер мен поэтикалық драмалар топтастырылған екен. Қасымхан ақын туралы тек қазақ елі ғана емес, жер-жаһандағы күлді қазақ оқырманы біледі десек асыра айтқандық бола қоймас. Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Жастар одағының және Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты атанған ақынның осы жинаққа енген өлеңдеріне дейінгі шығармаларына қатысты талай пікірлер жарық көрді. Ж.Нәжімеденов, Қадыр Мырза-Әлі, Т.Молдағалиев, Қ.Жұмаділов, И.Жаканов, Ө.Нұрғалиев, Д.Исабеков, Ө.Сығай, Т.Медетбеков, С.Ақсұңқарұлы, Е.Раушанов, З.Асабай, М.Қойгелді, А.Ісімақова, Е.Ашықбаев, Ж.Қорғасбек, А.Кемелбаева және т.б. ақын-жазушылар мен сыншылардың ойтолғаулары мен пікірлерінде ақын шеберлігін, оның өлеңдерінде өмір шындығының көркем шындыққа айналуындағы ерек өрнектер туралы шынайы көрсетілді.

Енді Қасымхан ақынның «Құланиек, құба таң» атты жинағына енген шығармаларға келер болсақ, мұндағы өлеңдер мен поэтикалық драмалар бітімі бөлектеу дүниелер. Алайда, бұл – жинақ бұрынғы шығармалардан мүлде бөлек деген сөз емес, керісінше, сол шығармалармен тамырлас, сабақтас. Мұндағы бөлектік пен еректік – ой кендігінде, ой көкжиегінде жатыр.

...Із түспеген жаңа соқпақ салғым бар, Миллиондардың жүрегінде қалғым бар. Қанша ғасыр таппай келген арманды, Арыстанның апанынан алғым бар... – дейді автор кітаптың беташар өлеңінде.

Кітаптың «Құланиек, құба таң» аталуының астарында да үлкен ой, терең тылсым, өмірлік пәлсапа мен мұңдалайды. Ол – қазақ ұғымындағы үміт, ертенгі күннен үміттену, танның аманшылықпен атқанына шүкіршілік ету, атқан таңды тізірмен байланыстыру, таң – жаңа күннің басы, адам тіршілігіндегі жаңалық. Сол сияқты «Таң ату» ұғымы ауыспалы мағынада заман тууы, күні тууы мағынасында да қолданылатыны белгілі. Енді осының негізіне қарасақ, көкжиек ұғымына барамыз, ол – адам баласы өмірінің бағдары – күн көкжиектен шығып, көкжиекке батады, адам өмірі көкжиектермен көмкеріледі. Міне, ақын сол құлан иек құба таңның атқанын күтеді, келер күндерге үмітпен қарайды, таңдарды таңдарға жалғап өткен кезең, өткен дәуірлерге сапар шегеді.

Қасымхан жырларына қатысты оны өткенмен өмір сүреді, оның бүкіл тіршілігін мазмұны мен мәні өткенде қалғандай деген де ойлар айтылады. Алайда ол бір қарағандағы әсер ғана. Себебі, ақын жырлары өткен дәуір, өткен кезең шындығы мен шырын қозғай келе, соған қатысты бүгін біз не айта алдық, не істей алдық дегенді көрсетіп ой ете ұсынады. Сөйтсе де, өткен кезең мен бүгінгінің арасын жалғайды, өткен кезеңнен тартқан желіні бүгінгімен тоғанақтап, келер күнге бағдар ұстайды.

Ел тарихындағы «Өттеген-ай!» дейтін өкінішке, мұңға толы тұстар ақынның өлең өрмегінде ерекше нақышталды. Жұдырықтай жүрегіме зарлы тарихты сыйдырып, Тұлабойым менен жан дүниемді қара ошақта күйдіріп. Мынау асыл топырақ,

Өтпесе де табаннан, Өтті күні шекемнен, Бұл өлкеге бөтен бе ем? Ерте алмай көркем еркемді, Қимасам да ірге айырған өлкемді. Жанарымды көзілдірік қалқалап, Катепті кара нарға жүк болар, Сағыншымыды аркалап, Кетем мен! Қайран да, қайран Бескала Мәңгі-бақи сағынумен өтем мен...

«Кешегі бір заманда бұл аймақ қазақ елі құрамында еді, ол кезде біртұтас ел едік. Пәлен де түген» деген көп әңгімеден осы үзіндінің құны мың есе артық екенін көзі қарақты оқырман білері хақ. Ол осы өлеңнің ішкі ойына үңілер болсақ – «Мұны ұмытып кетпендер, қазақ атақонысының бір өлкесі бұл. Күндердің күні туғанда, іздейтін де кез келер» деген ой аңғарылады. Сондай-ақ осы иірімнің Қасымхан ақынның бірнеше өлеңіне ортақ екені де анық. «Қоңыратқа барғанда» – деп басталатын өлеңде:

Жылға налып текке өткен, Ай, Қоңырат, ана жылы кеп кеткен. Небір түрін көрген қорлау, мазактың, Қоңыратынан шыққан ақын қазақтың. Бүгін маған неге бұлай бөтенсің, Мен секілді сен де мұңды екенсің... – деп келеді де:



...Құлағым сарын келді, күйші кім? Жар басына жалғыз салған үйшігін. Тарих бүгін түк айтпайды, бірақ та, «Сенің қалам» – дейді маған түйсігім... – деп ойды бір түйіп:

...Жұлқылаған заманалар, дауылдар, Төңірегі толған көркем ауылдар. Тілі менен ділі бірдей қазақ пен, Басқа ұлт боп кеткен бүгін бауырлар... – тірек ойға табан тірейді. Осы шумақтарды бей-жай оқи салу мүмкін емес, ішкі әлемінді қопара, бармағыңды тістейсің. Себебі, бұл – біздің елдің жоғалтқаны, нала-мұны. Бұл – шындық!

Бұл жырлардың арғы түбінде сан ғасырлық арман – ел тәуелсіздігі деген сарын дабылы естіледі. Иә, тәуелсіздік, ел азаттығы, оларға қатысты туған жер, атамекен, атажұрт тақырыбы халық ауыз әдебиетінен бастап, қазақ әдебиетінің барлық кезеңдерінде жырланып, көтеріліп келеді. Бұл мәселенің Қасымхан жырларында көрінуі әр қилы, сан сырлы. Бұл мәселе кейде табиғат көріністері, пейзажбен қос қабат өрілсе, кейде жыл мезгілдерімен байланыса, кейде көңіл күй лирикасымен, сағыншы сезімімен және т.с.с. тұтаса көрінеді. Кейде анық көрінсе, кейде мәтіндегі ой астарында жатады.

Қазақ елінің дамуында ұлт тіршілігі мен өсуіндегі ең ділгір, ең дертті, аса маңызды жайттар, ел өміріндегі аса маңызды оқиғалар, халық тіршілігіндегі көкейтестілік қазақ өлең-жырларында, толғауларында негізінен туған жер, атамекен тақырыбымен тұтастырыла берілді,

ажырамас бірлікте өлең боп өріледі. Бұл бүкіл тарихын бабадан атаға, атадан балаға шежіре қылып жеткізген, бар өмірін, тыныс-тіршілігін өлең-жырмен әдіптеген қазақ елі үшін заңды құбылыс екені анық. Бұл заңдылық Қасымханға да тән. Жинақтағы өлеңдер оның ел мұңын, ел қасіретін өз мұңы, өз тағдырымен тамырластырғанын көрсетеді. Міне, осы тұстан оның азаматтық ұстанымының бір қыры аңғарылады.

Ақынның жинақтағы көңіл-күй лирикасының өзінде ынтықтық, інкәрлік сезімдердің өзі салмақты ойға айналып, тек сезімнің жетегінде кетпей, жанға дауа, жүрекке ем іздейді, бұл тек өз басының ғана емес, елдің ем, дауасын іздейді және ол қорытпа кеңдік пен тереңдік арнасында тоғысып, көкжиекте бой көрсетеді.

Қасымхан ақын жинағындағы ерекшеліктің бірі – бүкіл елдің, қалың бұқараның нала-мұңын, әлеуметтік жүгін өзі арқалауға тырысуы. Осы жолда ол күйзеледі, қамығалды, жаны өртенеді, тығырықтан шығар жол іздейді, ел мен ұлт тағдырына, оның болашақ тағдырына алаңдайды. Осы бір азапты жол – ақындықты өзі таңдағасын жан-жүрек ерекше бұлқынады, замана сырын ашпаққа ұмтылады.

...Базары жастық шақтың тарқамаған, Әлсізге ақ үмітін арта ма адам?

Қазағым, мендей ұлың көп пе сенің, Қайыспай қасіретіңді арқалаған... – деп ой түйген ақын көкжиегіндегі кеңістіктер бұл жинақтағы көп туындыларда Хантағы – Ана – Ауыл – тоғысында көрініп, Ескі жұрт, Ескі үй, Ескі көше сияқты ойқазық жасай, түс пен ой, пәни мен бақи арасын қамти мына шеті Алтай, Тарбағатай, келесі шеті Еділ, Жайық, мына беті

Жиделі байсың, Бескала, Қоңыратты бауырына қыса бүкіл қазақ елі даласына ұласады. Осы тұста ақын шығармашылығына қатысты ғұлама тамыршайды дөп баса пікір білдірген Қадыр Мырза-Әлі ағаның «...Ол, нені болса да, жаны өртеніп, егіліп, төгіліп жазды, енсоңғытамшысына дейін сарқып, таусылып жазды» дегенін қайталағын келіп тұрады. Иә, қайталамасқа шараң да жоқ, өйткені одан артық не айтарсың. Қасымхан ақынның шеберлік жолындағы ізденістеріне бағыт сілтер бұл пікірдің саракені даусыз.

Жинаққа ақынның өлең, толғауларымен қатар «Алашорда аманаты» поэмасы, «Шерлі Түркістан» дастаны, «Мұстафа Шоқай» тарихи-поэтикалық драмасы, «Ер Төстік» поэтикалық драмасы енген. Бұл шығармалар туралы толық талдай пікір айту келер күндер міндеті болмақ, өйткені біздің мақсатымыз – бұл шығармалардың барлығын талдап, ой қорыту емес, жалпы жинақтың қазақ поэзиясындағы орны туралы ой қозғау. Себебі, мұны бір мақаланың көлемінде жүзеге асыру мүмкін емес, өйткені бұл – үлкен зерттеулердің үлесі екені шүбәсіз. Бір сөзбен түйіндей айтсақ, бұл шығармалардың қай-қайсысы да – үлкен жүк көтеріп тұрған, мазмұн мен түр сай келіп, көркемдік нақышы ақын шығармашылық даралығынан хабар берер дүниелер.

Осы тұста қазақтың белгілі ақыны Т.Медетбектің: «Қасымхан ақын жүрген жолдары мен барған аймақтарының бәрінен, ең алдымен, рухты тұлғалар мен рухты нышандар іздейді. Оларды іздейді де табады. Табады да көкірегі қарс айырылып, аһ ұрады, өңешін өрт жалап өкінеді, кеудесі көріктей керіліп күрсінеді» дегені ойға оралады. Жалпы жинаққа енген өлеңдер мен дастан және поэтикалық драмалар бұл пікірді толық айғақтары анық. Дәл берілген әділ пікір болғанын бұған біз де қосыламыз.

Бұл тұста да ақын ұстанымына тәнті болсаың. Қай ел, қай ұлт болмасын рухтан айырылса тағдырдың тәлкегіне ұшырауы анық емес пе, олай болса, осы бір көкейтестілікті өлең өріміне түсірген Қасымхан Бегмановқа қалай риза болмасың?!

Жинаққа енген «Алашорда аманаты» поэмасы, «Шерлі Түркістан» дастаны, «Мұстафа

Шоқай» тарихи-поэтикалық драмасы, «Ер Төстік» поэтикалық драмасы тарихты тірілтуге, рухты ятуға арналған шығармалар. Біздің шамамызша, бұлар ақынның сан жылдар толғанысының жемісі іспеттес. Өйткені осы жинақтағы кей өлеңдер ақынның көлемді туындыларына барар жолындағы басқыш сияқты көрінеді. Ақынның:

Сағыншы болып тербеген мені ұлы мұң, Еске сап Іле анамның өрген бұрымын. Қанды қырғыннан баяғы аман

кеткеннің бірімін, Жолбарыс баба рухы болып ояндым, Мен тірімін... – деген шумағы да біраз жайтты аңғартқандай. Ақын халықтың арман-мақсатымен, сырмен, мұңымен тұтасады да кетеді.

Ғұламаларым, Ғұламаларым, Білмейтінімді сұрап аларым. Ұрпақты ойлап онашаларда, Сезбейді-ау ешкім жылап аларын, Ғұламаларым, ғұламаларым... – деп келеді де: Империялармен алыскандарым, Ғұламаларым, данышпандарым. Зарығып күткен, сағынып жеткен, Ағарып атты-ау алыстан танын.

Түрме де көрген, айдалып кеткен, Көкіректерін қайғы алып кеткен. Аяулы абыз, ғұламаларым, Мұңдастарыма айналып кеткен... – деп ой түйеді. Осы ойлар жалғаса, бірін екіншісі толықтыра келе бір арнаға құяды.

Ішкі шерлерін бөтен сөздермен қалқалап, Жүрген бұл мені ұғар ма екен шартарап. Алашорданың аманаттарын арқалап, Есіктен шыққан шалқалап, Қайран, даналарым-ай! – дейді келесі бір өлеңінде.

Міне, осы жоғарыдағы шумақтарда көрінер ішкі иірім енді «Алашорда аманаты» дастанына ауысады. Біздің жоғарыда ақын ізденісіне, ақын дайындығына қатысты айтып отырғанмыз да осы. Ақын:

Шет-шегі көрінбейтін қиыр далам, Төскейін жолбарыстар шырлаған. Атылып, Алашорда арыстары, Топырақ туған жерден бұйырмаған... – деп толғап алады да:

Туған жер! жерленбесе төсіңе егер, Ере алмай қалған болсақ көшіңе егер. О, мұңды Алашорда, кеш іздесек Біздерді кешіре гөр, кешіре гөр... – деп ой түйеді. Сонан соң бұл ой шығарманың соңына қарай қазақ елінің тәуелсіздік алуымен, шекара бекітуімен әдіптеле келе:

Адал боп, ата тарих пен ежелгі әдет-ғұрыпқа, Алуан да алуан елдердің өткен жолдарын

сұрыпта. Қара бастарын ешқашан мәселе етіп қоймаған, Қазақтың қамын қамығып, тереңнен тартып

ойлаған, Алашорданың, жас ұрпақ, ұлы Аманатын ұмытпа! – деп қорытындыланады.

«Мұстафа Шоқай» атты бір бөлімді, жеті көріністі тарихи-поэтикалық драмадағы оқиға желісі көбіне-көп Мұстафа мен Мария арасындағы әңгіме түрінде беріледі де, хазірет, Иванов, Керенский, Мынбаев және т.б. кейіпкерлер арқылы дамытыла келіп, ұлт ардағының бейнесі ашылады. Шығарма – Алаш арысы Мұстафа Шоқайдың азаматтығын, ұлтжандылығын, елжандылығын шынайы көрсетіп, оның бейнесін көркемдік көкжиегіне көтере алған туынды. Ақын ерлігі деп отырғанымыздың өзі осы емес пе?!

Ақынның «Этнографиялық әңгіме» атты шығармасы туралы пікір білдірген А.Кемелбаева: «...кітаптың алғашқы тарауы анық сезіледі, айтулы ақын Қасымхан Бегманов жоғалған сегіз ағасын іздеген Ер Төстікпен тең екен! Ер Төстік феномені рух іздеу, абадандықты аңсау...» дей келіп, «Шашты» атты эпикалық әңгімесі туралы: «...Мұстафа Шоқайды іздеген, оның рухын жаңғыртқан Қасымхан ақын ғой. Дүниені жарық қылып тұратын іс істеу екінің бірінін маңдайына жазылмаған...» деп ой түйеді. Біз де осы пікірді қуаттай отырып, тағы да ақын дайындығы, ізденісі, сол жолдағы азабы, мекнаты деген жоғарыдағы пікірімізге бұл да дәйек бола алады демекпіз.

Бір әктілі, үз көріністі «Ер Төстік» поэтикалық драмасы қазақ халқының «Ер Төстік» атты ертегісінің желісімен Қуыршақ театрына арнап жазылған. Шығарма балалар ұғымына жеңіл, тартымды. Бұл тұста ақынның қазақтың мол ауыз әдебиеті мұраларын жас ұрпаққа қалай жеткізуге болады дегенге жауап іздегені аңғарылады. Шығарма идеясы – туған жерге, досқа деген адалдық. Поэтикалық драма Қасымхан ақынның шеберлік қырларының мол екендігін аңғартады.

Өмірдің бүкіл азабына, тұрмыстың күллі тозағына мәрттікпен қаймықпай қарсы қарап, «келсең, кел!» мінезімен қасқайып жыр арнайтын ақындр аз десек, бұл жинақ Қасымхан ақынның сол сапта екенін көрсетеді.

Жинақтағы шығармалардың мазмұны бай, қоғамдық және әлеуметтік мәселелерді өткір көтере білген ой-тұжырымдар өмірлік пәлсапа іспеттес, ой тербеп, көңіл толқытар өлеңдер өзіндік ішкі иірімдерімен, нәзік сырларымен бірін екіншісі толықтыра оқырманын баурап алар құдіретке ие. Міне, бұл ақын шеберлігін, оның шығармашылық даралығын көрсетумен қатар, жинақтың қазақ өлеңіне қосылған үлкен олжа екенін де аңғартады. Қасымхан Бегмановтың «Құланиек, құба таң» атты жыр жинағының көкжиегі кең боларына сенімдіміз және бұл еңбек Қазақстанның «Абай» атындағы мемлекеттік сыйлығына лайық деп білеміз.

Алдажар ӘБІЛОВ,
филология ғылымдарының кандидаты,
Қазақстан Жазушылар және
Журналистер одағының мүшесі



– Материалдық-техникалық базаны жетілдіру бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. Соңғы кезеңде білім беру үдерісін заманауи құралдармен қамтамасыз ету мақсатында барлық оқу кабинетіне интерактивті панельдер сатып алынды. Бұл сабақтардың тиімділігін арттырып, оқушылардың қызығушылығын күшейтуге мүмкіндік беріп отыр. Сонымен қатар мұғалімдер бөлмесі толық жанартылып, педагогтер үшін қолайлы әрі заманауи жұмыс ортасы әзірленді. Бұл олардың кәсіби қызметін тиімді ұйымдастыруына оң әсерін тигізетіні сөзсіз. Одан бөлек, NIS Engineering зертханасы ашылып, оқушылардың STEM бағыты бойынша практикалық дағдыларын дамытуға кең мүмкіндік берілді. Зертханада робототехника жинақтары, 3D-принтерлер, лазерлік кескіш құрылғылар, Arduino және басқа да микроконтроллер платформалары бар. Бұл құралдар оқушылардың жобалық және инженерлік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

– **Өзіңіз жақсы білесіз, білім мен тәрбие қатар жүрмесе, қайран жоқ. Тәрбие мәселесінде балаларға не үйретіп, нені талпаң етесіздер?**

– Мектеп үшін білім мен тәрбие – ажырамас ұғым. Біз оқушыдан жоғары

жүргізіле ме? Кімдермен мақтанар едіңіз?

– 2015-2025 жылдар аралығында мектепті 1184 оқушы тамамлады. Оның ішінде 226 түлек Назарбаев университетінде білім алса, тағы 85 түлек АҚШ, Италия, Чехия, Германия, Түркия, Гонконг, Оңтүстік Корея, Қытай, Венгрия, Малайзия, Нидерланды және Ресей секілді елдердің беделді жоғары оқу орындарында түрлі мамандықтар бойынша білім алды. Кейбірі оқуын әлі де жалғастырып жатыр. Биыл мектепті 135 түлек тамамдады. Оның ішінде 5 оқушы – «Алтын белгіге», 24 оқушы – «Үздік аттестатқа» үміткер. Түлектеріміз стартаптар құрып, жаңа технологиялар жасап, әлеуметтік маңызды бар салалардың дамуына үлес қосып келеді. Олар медицина, ақпараттық технологиялар, инженерия, білім беру, мемлекеттік басқару, авиация, кәсіпкерлік және қаржы салаларында кәсіби жетістіктерге жетіп жүрген белсенді азаматтардың қатарында. Мысалы, 2016 жылғы түлектердің арасында Әліби Наят Жетісу облысындағы көпбейінді емдеу мекемесінде хирург-онколог болып қызмет атқарады. Майя Омар – Ұлттық экономика министрлігінің бас сарапшысы, Бейбарыс Нұрғабал – «Қазатом» компаниясының бас менеджері, Нұржанның Бақуова – Назарбаев университетінің ғылыми қызметкері. Біздің мектептің түлектері Диас Асылбек пен Айбек Оңалбаев бүгінде өз мектебінде мұғалім болып еңбек етуде. Ал түлектеріміздің бірі Әйгерім Бақытжан Гарвард университетінің магистратурасына қабылданды. Бізде жақсы үрдіс қалыптасқан, мақтан тұтар түлектерді жылда мектепке шақырып, оқушылармен байланыс орнатуына мүмкіндік жасаймыз.

БІЗ ҮШІН БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ – ЕГІЗ ҰҒЫМ

Назарбаев зияткерлік мектептерінің 15-білім ордасы Сыр өңірінде 13 жыл бұрын жұмысын бастады. Осы уақыт ішінде ұжым көптеген жетістікке қол жеткізіп, талай белесті бағындырды. Жас жеткіншектерге сапалы білім беріп қана қоймай, әрқайсының бойына жауапкершілік, адалдық, мейірім, ұлтжандылық сынды құндылықтарды сіңіруді мақсат еткен Қызылордадағы жаратылыстану-математика бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің директоры Ақбар Түсіпбаевпен оқу жылы аяқталған тұста сұхбаттасудың сәті түсті.



– **НЗМ-де оқу көптеген баланың арманы десек, артық айтқанымыз емес. Ұлы мен қызы бастауыш бітіргеннен жас еткізген осында түсіргісі келіп жатпаласады. Назарбаев мектебіне түсу несімен қиын? Кімдерді қандай шартпен қабылдайды?**

– Біздің мектепке оқушылар 7-сыныптан бастап конкурстық іріктеу негізінде қабылданады. Іріктеу жыл сайын наурыз айында екі күндік кешенді тестілеу арқылы өтеді. Бірінші күні үміткерлер математика, сандық сипаттамалар және жаратылыстану пәндері бойынша сынаға түседі. Ал екінші күні қазақ, орыс және ағылшын тілдері бойынша тілдік дайындық деңгейі бағаланады. Нәтижесін шамамен 1-1,5 ай күту керек. Ата-аналар мен балаларда «неге сонша ұзақ?» деген сұрақ туындайтыны анық. Өйткені тестілеу қорытындысы Нидерландыдағы Cito педагогикалық өлшеулер институтында өңделеді, ал бұл біраз уақыт алады. Үміткерлердің тестілеу нәтижесін өңдеу әр тапсырманың күрделілігі деңгейін анықтайтын, әрбір тест бөлімі бойынша қорытынды балл үлесін есептейтін автоматтандырылған статистикалық және психометриялық талдау негізінде жүзеге асырылады. Аталған тәсіл нәтижені объективті әрі әділ бағалауды қамтамасыз етеді, сондықтан апелляция өткізілмейді. «Өркен» білім беру грантына тағайындау конкурсына математика бөлімі бойынша 35% (140 балл) және одан жоғары, сандық сипаттамалар бөлімі бойынша 40% (120 балл) және одан жоғары балл жинаған үміткерлер жіберіледі.

– **Грантқа таласатын оқушылар саны да көп шығар?**

– Биыл конкурстық іріктеуге 1726 үміткер тіркеліп, емтихан тапсырды, яғни бір орынға шамамен 13 үміткер таласты. Бұл қоғамда Назарбаев зияткерлік мектептерінде сапалы білім берілетіні, қоғамдық ортаны бізге сенім көрсетеді. Ата-аналар менің балам пәндік құзыреттілікті игерсе, тест тапсырса болды деп ойлауы мүмкін. Бірақ маңызды нәрсені қаперден шығарып алады. Баланың психологиялық жағдайы аса маңызды. Бала тест тапсыратын аудиторияға кіргенде қобалжығаннан білгенін ұмытып қалуы мүмкін. Сондықтан кешенді түрде дайындық жүргізіген жөн. Оның ішінде тәнертеннен

марапатталды. Syntharion жобасы NASA International Space Apps Challenge халықаралық байқауында Аулауым Тәуекел ұсынған астероидтарды анықтайтын жасанды интеллект жүйесі топ жарды. CodeQuest мобильді оқыту қосымшасын жасаған Даниал Шәкizada мен «Эмоция тілі» атты үстел ойынын құрастырған Нұрасыл Әбдікер «Зерде» республикалық зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстары байқауында I және II орынға ие болды. Жақында өткен республикалық пәндік олимпиадада мектебіміздің оқушысы Бегімсұлу Марат қазақ тілі пәні бойынша абсолютті жеңімпаз атанып, мектеп мерейін үстем етті. «Science.Technology. Algorithmization. Programming» халықаралық байқауында Айнура Қарабекова мен Жәнібі Амангелдиева III орын иеленді. «Үздік жыл психологі» республикалық байқауында мектептің педагог-психологі Жадра Қонысбаева II орынға ие болды. Infomatrix-Asia-2026 халықаралық байқауында оқушыларымыз 5 жүлделі орынмен марапатталды. Арай Нұрбаева «NIS үздік педагогі-2026» республикалық байқауының жеңімпазы атанды. «Панорама успешных практик» конкурсының нәтижесімен «Доказательный кейс» категориясы бойынша орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Айгүл Абуова, Айгүл Досқожаева, Мархабат Ізкіұлова жеңімпаз атанды. Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Ақмарал Дулатиэрованың зерттеу мақаласы Q1 CiteScore Best Quartile рейтингіне енетін Compare: A Journal of Comparative and International Education журналында жарық көрді. NIS Conference халықаралық конференциясында әріптестеріміз Жадра Сәлімжанқызының жұмысы он үздік постер тізіміне еніп, 300 мың теңгенің сертификаттына қол жеткізді. Математика, физика және информатика пәндері бойынша олимпиадалық резервтің мұғалімдері мен жаттықтырушыларына арналған халықаралық ашық шығармашылық байқауда (Impact Olympiad) үш III орын және бір II орынға ие болды.

– **Мектептің материалдық-техникалық жабдықталуы қандай деңгейде?**

– Өзіңіз Назарбаев мектебінде оқыдыңыз ба? Басыңыз қызметке қалай орналастыңыз?

– Өзім Шығыс Қазақстан облысының Зайсан ауданында ауыл мектебінде білім алдым. Үш тілге жетікпін. Ағылшын тіліне қызығушылығым студент кезде, яғни ғылымның тілі ағылшын тілі екеніне көз жеткізгеннен кейін басталды. Тәрбие саласында басқарушылық тәжірибем бар. Халықаралық бакалавриат (IB) бағдарламасы бойынша еңбек етіп, халықаралық сарапшы деңгейіне дейін көтерілдім. Директорлық қызметке тағайындалғаным бір жыл болды. Оған дейін Астана қаласындағы халықаралық мектепте директордың даму ісі жөніндегі орынбасары болдым.

– Өзіңіз директоры ретінде тәжірибелі ұстаздарды ұйымдастыру қиына түйіп жатқан жоқ па?

– Мен бұл қызметке конкурстық іріктеу арқылы орналастым. Өзім – кадрлық резервтің түлегімін. Директор болып келгенімде жұмысымды сабақтарға қатысумен бастадым. Өзім сабақ өтіп, оған әріптестерімді шақырып, тәжірибемді бөлісіп, осылай кері байланыс орнаттым. Біз сабақ кестесін бірлесіп жоспарлауды жолға қойдық. Бюджетті жоспарлауда да осы жүйе қолданылады. Барлық жұмысты командамен бірге атқаруға тырысамын.

– Мұғалімдер жұмысқа қалай қабылданады?

– Мектептің педагогикалық құрамы конкурстық іріктеу негізінде жасақталады. Конкурс екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде үміткерлер профилілік пән бойынша тест және психологиялық тест тапсырады. Мұғалімдер үшін кемінде 60%, ал кураторлар, тәрбиешілер және психологтар үшін 50%-дан жоғары нәтиже көрсеткен кандидаттар келесі кезеңге өтеді. Екінші кезеңде конкурстық комиссиямен сұхбат жүргізіледі, кандидаттың кәсіби және тұлғалық қасиеттері бағаланады. Соңғы шешім барлық құжат пен екі кезеңнің нәтижесі негізінде қабылданады. Медициналық қарсы көрсетілімі бар, арнайы есепте тұрған, сот шешімімен педагогикалық қызметпен айналысуға тыйым салынған немесе қажетті құжаттарын ұсынбаған кандидаттар конкурста жіберілмейді. Үздік үміткерлер жұмысқа қабылданады немесе екі жыл мерзімге кадрлық резервке енгізіледі. Қазір мектепте 163 педагог қызмет атқарады. Оның ішінде 161 қазақстандық және 2 шетелдік мұғалім бар.

– Қарбалас арасында уақыт бөлгеніңіз үшін алғыс білдіремін.

Сұхбаттасқан Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»

/// МАМАН МІНБЕРІ

СТАЛКИНГКЕ ЗАҢМЕН ТОСҚАУЫЛ ҚОЙЫЛАДЫ

Сталкинг – адамның еркінен тыс оны жүйелі түрде аңду, бақылау, қорқыту, қайталанатын қоныраулар мен хабарламалар арқылы мазасын алу, жеке өміріне заңсыз араласу, яғни қудалау. Бұл – жәбірленушіге психологиялық қысым көрсетіп, үрей туғызатын әрі оның қалыпты өмір сүруіне кедергі келтіретін әрекет.



Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, сталкинг үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 18-бабына сәйкес, әркімнің жеке өміріне қол сұғылауына, жеке және отбасылық құпиясының сақталуына құқығы бар. Бұл құқықтарды бұзғаны үшін заңда жауапкершілік белгіленген.

Егер сталкинг сипатындағы әрекеттер жүйелі түрде қайталанса, жәбірленушінің тыныштығын бұзғанымен, ауыр зардаптарға әкелмесе, құқық бұзушы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 73-бабы (отбасы-тұрмыстық қатынастар аясындағы құқыққа қарсы әрекеттер) және 434-бабы (ұсақ бұзақылық) бойынша әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

Ал қорқыту, психологиялық қысым жасау, күш қолданумен деп қауіп төндірсе, жеке өмірге заңсыз араласу немесе жәбірленушінің қауіпсіздігіне нақты қауіп төндіру фактілері анықталған жағдайда, мұндай әрекеттер Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 115-бабы (Қорқыту), 147-бабы (Жеке өмірге қол сұғылаушылықты бұзу), сондай-ақ жағдайға қарай 108-1-бабы (Денсаулыққа қасақана зиян келтіру) және өзге де тиісті баптар бойынша қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғалады.

Сонымен қатар, 2025 жылы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіне 115-1-бап – «Сталкинг»

енгізілді. Аталған бапқа сәйкес, адамның еркінен тыс онымен байланыс орнату, физикалық күш қолданылуына, оның жеке өміріне қауіп төндіретін жүйелі қудалау әрекеттері қылмыстық жауаптылыққа жатады.

Бұл құқықбұзушылық үшін:

- 200 айлық есептік көрсеткішке (АЕК) дейін айыппұл;
- сол мөлшерде түзеу жұмыстары;
- 200 сағатқа дейін қоғамдық жұмыстар;
- немесе 50 тәулікке дейін қамауға алу жазасы көзделген.

Полиция органдары мұндай жағдайларда жәбірленушінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қорғау нұсқамасын шығарып, құқық бұзушыға заңда белгіленген шектеулер қояды. Бұл талаптарды бұзу қосымша жауаптылыққа әкеледі.

Сталкинг – бұл сүйіспеншіліктің немесе қамқорлықтың белгісі емес. Бұл – адамның жеке кеңістігіне, тыныштығы мен қауіпсіздігіне қол сұғатын құқықбұзушылық.

Сталкингтің негізгі түрлері

1. Қудалау
2. Үнемі артынан жүру;
3. Үйінің немесе жұмыс орнының маңында күтіп тұру.
4. Онлайн-сталкинг
5. WhatsApp және басқа мессенджерлер арқылы мазалау;

- Әлеуметтік желілерде бақылау жүргізу;
- Үздіксіз хабарлама мен қонырау шалу;
- Жалған (фейк) аккаунттар ашу.
- 3. Психологиялық қысым
- Қорқыту;
- Ар-намысқа тиетін әрекеттер жасау;
- Сыйлықтарды немесе кездесуді мәжбүрлеп ұсыну.
- 4. Жеке мәліметтерді заңсыз пайдалану
- Адамның жеке өміріне қатысты ақпаратты жинау;

- Оны рұқсатсыз тарату немесе жариялау.
- Егер сіз сталкингке тап болсаңыз;
- 1-қадам. Байланысты тоқтатыңыз. Сталкерге жауап бермеңіз, пікірталасқа түспеніз және эмоция білдірмеңіз.
- 2-қадам. Дәлелдемелерді жинаңыз.
- Хабарламаларды сақтаныңыз;
- Скриншоттар жасаңыз;
- Қоныраулардың күні мен уақытын тіркеңіз;
- Аудио немесе бейнежазбаларды сақтаныңыз;
- Мүмкін болса, қуәгерлердің мәліметтерін алыңыз. Бұл құқықтарыңызды қорғау үшін өте маңызды.
- 3-қадам. Өз ұстанымыңызды нақты білдіріңіз. Бір рет анық әрі сабырлы түрде: «Мен сізбен қарым-қатынас жасағым келмейді. Тоқтатыңыз!» – деп айтыңыз.
- Одан кейін байланысқа шықпаңыз және хат алмасуды жалғастырмаңыз.
- Есте сақтаныңыз!
- Сіз кінәлі емессіз.
- Сіз қорғануға құқылысыз.
- Полиция сіздің арызыңызды қабылдауға міндетті.
- Егер өз өміріңізге немесе денсаулығыңызға қауіп төнсе, дереу 102 арнасына хабарласыңыз. Полиция сізге қажетті құқықтық көмек көрсетеді.
- Біздің мақсатымыз – қауіпсіз қоғам мен аман отбасын қалыптастыру.

Инабат ТӨРЕБЕКҚЫЗЫ, Қызылорда ҚТБ ҚКБ-нің аға инспекторы, полиция майоры

ТОҒЫЗҚУМАЛАҚ

ҮЗДІКТЕР РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
ТУРНИРГЕ ҚАТЫСАДЫ

Ардагерлер ұйымы мен Дүниежүзілік Тоғызқумалақ федерациясы арасында өзара ынтымақтастық және бірлескен қызмет туралы меморандумға қол қойылды. Бұл мәміле ардагерлер арасында ұлттық ойынды дамытуға, салауатты өмір салтын насихаттауға және өңірлерде жүйелі турнирлер өткізуді жолға қоюға мүмкіндік береді.



Облыстық ардагерлер кенесі мен облыстық тоғызқумалақ зияткерлік қауымдастығы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжат екі ұйымның әріптестігін нығайтып, өңірде тоғызқумалақ спорттың дамытуға, ардагерлер арасында тұрақты жарыстар ұйымдастыруға және республикалық турнирлерге бірлесіп дайындалуға негіз қалайды.

Ал жарыс қорытындысы бойынша ерлер арасында I орынды сырдариялық Кенбай Қарашаев, II орынды қазалылық Мұхтар Сәлменге бұйырды. Әйелдер арасында I орынды қызылордалық Мейрақұл Жармахан алса, II орын қазалылық Жаныл Мырзатаева, III орын шіелілік Алмағұл Түменбайға тиесілі болды. Женімпаздар облыстық ардагерлер кенесінің арнайы дипломы, естелік сыйлықтармен марапатталды. Ал үздік ойыншылар келесі жылы өтетін республикалық ардагерлер турниріне қатысады.

«СБ» ақпарат

Бастама аясында қаладағы «Теннис орталығында» ардагерлер тоғызқумалақтан спорттық жарысқа қатысты.

Облыстық ардагерлер кенесінің төрағасы Серік Дүйсебаев қатысушыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ мерейлі жасқа толған ардагерлер қозғалысының белсенділері Наби Опабеков, Пахмаддин Айнақожаев, Кенжалы Ерімбетов пен Жанабай Бекішевке облыс әкімінің құттықтауы табыстылып, құрмет көрсетілді.

қала тұрғыны Мектепхан Елеусінов еншіледі. Ал III орын қазалылық Мұхтар Сәлменге бұйырды. Әйелдер арасында I орынды қызылордалық Мейрақұл Жармахан алса, II орын қазалылық Жаныл Мырзатаева, III орын шіелілік Алмағұл Түменбайға тиесілі болды. Женімпаздар облыстық ардагерлер кенесінің арнайы дипломы, естелік сыйлықтармен марапатталды. Ал үздік ойыншылар келесі жылы өтетін республикалық ардагерлер турниріне қатысады.

ГАЗЕТ ПОШТАСЫНАН

ОЙЛЫ АДАМ

Өмірде өз ізін қалдырған Адамдар көп емес, көптік етпес те еді.

Ақын – Олжас Омарұлы Сүлейменовтің жетінші атасы дуалы ауызды батырлығы, көшбасшылығы, өліні, жерін жан-тәнімен қорғаған ерекше ерлік иесі екені қазіргі қазақстандықтарға белгілі. Көріпкел көсемдігі өз алдына тарих. Менің жетінші ұрпағым «білімді» болады деуінің дәл келуі де дәлел.



Олжас Сүлейменов – сан саладағы білімді терең меңгерген әлемдік деңгейдегі ақын. Адамның рухани әлемін танып қана қоймай оны жер бетіндегі басқа адамдарға жеткізуші.

«Басқадан бағы башым Баһадүр» (М.Әуезов) сөзге шешем, қолбасшы, көсем!


Халық даналығы айтқандай: «Жаксыдан сөз шығады жан секілді, тамырдан атқылаған қан секілді».

Сөзі мірдің оғындай дәл, нық! Қай шығармасын алсаңыз да әлемдегі бейбітшілік пен тыныштықтың іргетасындай берік!

Өлеңдері санаға салмақ түсіре ойландырады, сезімді селт еткізетін нәзік, биік, асқақ, биіктіктен нәр алған – Өр!

Мен 80-90 жылдары Алматыда аспирантура, докторантурада жүргенде Олжекемнен бір кездесіп сөйлесу, сырласуды армандаушы едім...

Бірде Жазушылар үйінен ұстазым Зейнолла Қабдоловпен шыға бергенімде Олжекең қарсы кездесе кетпесі бар ма. Зекемнен сәлемдесіп, хал-жай сұрасып жатыр. Бір кезде Зекем: «Бұл кісі Бағдат Кәрібозұлы, үлкен үміт күтер шәкіртім» деп таныстырды. Олжекең қолым маған созады деген ойымда да жоқ, сілеймін де қалдым. Тез ес жиып Бағдатпын деп қолымды созым. Алақаны қандай аялы. Шуақты жанарымен, мейірілене, сүйсіне қарағанын байқап, сезініп үлгергенім әлі есімде. Міне, содан бастап арман ұлғайған. Олжекемнен бір кездесем ғой, сырласам ғой



шіркін, мен де сіз сияқты 18 мамырда дүниеге келгенмін деп бастар едім.

Бір күні қызым Айнұр (Болат Отемұратов қорының бас директоры) Олжас Омарұлы Сүлейменов атасының үйіне сәлем бере әрі шаруаларын ақылдасқанын, бірге суретке түскенін (Олжас Сүлейменов Болат Отемұратов қорының қамқоршылар кеңесінің мүшесі) папаңа бер деп 50 жылдан соң қайта басылып шыққан «Азия» кітабына маған арнап қолтаңба жазып жібергенін, кітап аталған қордың қолдауымен қайта басылып шыққанын айтты. Олжекең Айнұрдан ата-анасы, біздер туралы сұраған ғой, сонда кізетін нәзік, биік, асқақ, биіктіктен нәр алған – Өр!

Айнұр бізді сырттай таныстыра отырып, менің папам сізбен бір күнде 18 мамырда дүниеге келген депті. Мен болсам Құдайдың шеберлігіне таң болып отырмын. Жүрегім шымырлап, жанарыма жас үйірді. Әрине, бұл қуаныш жасы еді. Жанымның жалауындай, өзімдей, көзімдей Айнұрым арманымды оп-оңай орындап келіпті.

Арман перзентін арқылы да орындалады. Ізгі, ойлы ұрпақтарымыз аман болсын.

Быыл 18 мамырда Олжас Сүлейменов 90 жасқа, мен 70 жасқа толдық.

Сағ алтындай Олжастың болғаны қандай жақсы...

Бағдат КӘРІБОЗҰЛЫ,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

ХАБАРЛАНДЫРУ

«САУТС-ОЙЛ» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, Кеңлік кен орнында жобалық терендігі 1650 (±250) м болатын №№ 210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217 пайдалану ұңғымаларын салуға арналған топтық техникалық жобасына Қоршаған ортаны қорғау бөлімі (КОКБ) және табиғатты қорғау іс-шараларының жоспары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулардың өтетін орны мен уақыты:
Терензек кенті: 2026 жылғы 17 шілде, сағат 10:00-де, мекенжайы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Терензек кенті, Қонаев көшесі, 8.

Жалағаш кенті: 2026 жылғы 17 шілде, сағат 11:30-да, мекенжайы: Қызылорда облысы, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі, 7.

Учаскенің және әсер ету аумағының географиялық координаттары: 46°30'00" с.е., 64°50'00" ш.б.

Терензек кенті үшін Zoom конференциясына сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/81696368099?pwd=QbmcuuuRCckTgNLb-rDQJ91KLbqVKC.1>

Конференция идентификаторы: 816 9636 8099

Қолжетімділік коды: 305399

Жалағаш кенті үшін Zoom конференциясына сілтеме:

<https://us06web.zoom.us/j/82611517841?pwd=IzdIhGBl1bYScrovov-YTOMMPazNloEE.1>

Конференция идентификаторы: 826 1151 7841

Қолжетімділік коды: 031889

Ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдауларды үйлестіруге жауапты орган: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, электрондық пошта: prd@korda.gov.kz.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> ақпараттық жүйесінде және <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=kk> сайтында танысуға болады.

Жоспарларын отырған қызметтің бастамашысы: «САУТС-ОЙЛ» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Отырар ауданы, Жана Шілік ауылы, Қ.Мұнайтыпасов көшесі, 21. БСН: 060440001855. Тел.: +7 707 388 86 86. Эл. пошта: PRESIDENT@SOUTH-OIL.COM.

Жобалаушы ұйым: «КазНИГРИ» ЖШС, БСН: 991240001478. Электрондық пошта: info@kaznigri.kz. Тел.: 8 (7122) 763090.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «САУТС-ОЙЛ» в соответствии с требованиями статьи 96 Экологического кодекса РК сообщает о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по проекту Раздел «Охрана окружающей среды» к Групповому техническому проекту на строительство эксплуатационных скважин №№210, 211, 212, 213, 214, 215, 216, 217 с проектной глубиной 1650(±250)м на месторождении Кенлык и План мероприятия по охране окружающей среды (ППМ).

Общественные слушания состоятся: пос.Терензек: 17 июля 2026 года в 10:00 часов по адресу: Кызылординская область, Сырдарынский район, пос. Терензек, ул. Қонаева 8.

пос.Жалағаш: 17 июля 2026 года в 11:30 часов по адресу: Кызылординская область, Жалағашский р/н, пос.Жалағаш, ул. Желтоқсан 7.

Географические координаты участка и географические координаты территории воздействия 46°30'00" с.ш. 64°50'00" в.д.

Ссылка на Zoom конференцию для пос. Терензек:

<https://us06web.zoom.us/j/81696368099?pwd=QbmcuuuRCckTgNLb-rDQJ91KLbqVKC.1>

Идентификатор конференции: 816 9636 8099

Код доступа: 305399

Ссылка на Zoom конференцию для пос. Жалағаш:

<https://us06web.zoom.us/j/82611517841?pwd=IzdIhGBl1bYScrovov-YTOMMPazNloEE.1>

Идентификатор конференции: 826 1151 7841

Код доступа: 031889

Орган, ответственный за координацию общественного слушания в форме открытого собрания: КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», эл. почта: prd@korda.gov.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться в информационной системе <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте <https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat?lang=ru>.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «САУТС-ОЙЛ», БИН: 060440001855. Тел.: +77073888686. Эл.адрес: PRESIDENT@SOUTH-OIL.COM

Проектная организация: ТОО «КазНИГРИ», БИН: 991240001478, эл.: info@kaznigri.kz, тел.: 8(7122)763090.

ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫНЫҢ
ЖЕТИСТІКТЕРІ

«Кәсіби мерекелер тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы №258 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2024 жылғы 11 маусымдағы №189 бұйрығына сәйкес, 10 шілде «Ветеринариялық қызметкерлер күні» болып бекітілді.

Ветеринария саласының негізгі міндеті жануарларды аурулардан және халықты жануарлар мен адамдарға ортақ жұқпалы аурулардан қорғау, жануарлардан алынатын өнімдерін қауіпсіздігін, аумақтық ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

Ауыл шаруашылығы саласын дамытуға мемлекет тарапынан көрсетілген бағдарламалардың арқасында мал шаруашылығын, балық және балық өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындарын, құс шаруашылығын, бал ара шаруашылығын дамытуға және жануарлардан алынатын өнімдерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету барысында ветеринария саласы мамандарының атқарып отырған еңбектері орасан зор. Облыс аумағындағы Еуро Одақ пен Еуразиялық экономикалық одақ елдерінен және үшінші елдердің экспорттаушы кәсіпорындар реестріне

енгізілген кәсіпорындардан ағымдағы жыл басынан бүгінгі таңға дейін барлығы 1860 тонна балық және балық өнімдері экспортталған.

Быылғы жылы «Етті ветеринариялық-санитариялық сараптау» модулінің арқасында сатылымға келіп түскен ет өнімдерінің шығу тегін, сараптама актісі мен жануардың толық тіршілік циклі бар QR-коды қалыптастырылып, қазіргі таңда халыққа қолжетімді жұмыс жасауда және ветеринариялық ілесіп құжаттарды рәсімдеу толықтай автоматтандырылған.

Ветеринария саласы эпизоотиялық жағдайды сақтау, ауыл шаруашылығы өнімдерінің қауіпсіздігі мен сапасын қамтамасыз ету мақсатында барлық қажетті шараларды қабылдауды жалғастыруда.

ҚР АШМ ВБЖҚК-нің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы

ХАБАРЛАНДЫРУ

2026 жылдың 16 шілдесі күні сағат 11:00-де Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы қыстағы, Тұрар Рысқұлов көшесі, №35 мекенжайда «Қорқыт елі» Кредиттік серіктестігі» ЖШС қатысушыларының жалпы жиналысы өтетіні хабарлайды.

Күн тәртібінде:

1. Кредиттік серіктестіктің Жарғысымен, құрылтай шартына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.

2. 2023 ж., 2024 ж., 2025 ж. нәтижелері бойынша ревизиялық комиссияның қорытындысын, жылдық қаржылық есептілік және таза кірісті бөлу туралы, басқарма төрағасының есебімен жұмыс жоспарын бекіту және кірістер мен шығыстар сметасының орындалуы туралы есепті бекіту туралы.

3. Серіктестіктің 29.02.2024 ж. 3 санды құрылтайшыларының жалпы жиналысы қосымша мақұлдау.

4. Серіктестіктің қатысушылар құрамына өзгеріс енгізу, жанадан қабылдау/шығару, үлестерін азайту/көбейту, нәтижесінде серіктестіктің Жарғысына, Құрылтай шартына өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы. Сондай-ақ соңғы қарыз алушылардың кредиттік желілерін қайта есептеу туралы.

5. Серіктестіктің жарғылық капиталын және кредиттеу лимитін ұлғайту.

6. «Қорқыт елі» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшылары ордан әрі қаржыландыруға «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ-нан жылдық 25 пайызға дейін, 20 сәуір 2046 жылға дейін ашылған несие желісін ұлғайтып, несие желісін бекіту туралы және осы несие желісін кепіл мүлкімен қамтамасыз ету мақсатында «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ алдындағы міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету мақсатында серіктестіктің депозиттік шотындағы ақша қаражатын жарғылық капиталдың 25%-на дейін ұлғайту, кепілге қоюға, акцепсіз шығыстан шығару құқығына келісім беру.

7. «АНК» АҚ арқылы несие рәсімдеу шарты мен ережелерін, серіктестіктің жарғылық қорынан берілетін ережелеріне және серіктестік ішкі нормативтік құжаттарына өзгерістер енгізу, бекіту туралы.

8. Басқарма төрағасына және серіктестіктің қызметкерлеріне берілген сыйақыларын мақұлдау туралы.

9. Кредиттік серіктестіктің заңды мекенжайын өзгерту туралы.

www.facebook.com/syrboyi.kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)
БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

<https://twitter.com/syrboyi>

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күні №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

www.instagram.com/syrboyi.kz